



Еңбекшілер ЖАРШЫСЫ

ВЕСТИ Еңбекшілер

14+

• Бейсенбі, 25 желтоқсан 2025 жыл • № 103 (9965)
• Еркін бағамен сатылады

Аудандық газет
1935 жылдың шілде айынан бастап
шығып келеді

Жаңа жыл – жаңа үміттер мен жарқын бастамалар жылы!

Аудан әкімінің құттықтауы

Құрметті аудан тұрғындары! Қадірменді жерлестер! Уақыт жылжып, тағы бір жыл тарих қойнауына еніп, жаңа – 2026 жыл төрімізге аяқ басқалы тұр. Жаңа жыл – жүріп өткен жолымызға баға беріп, тың қадам жасайтын, рухани серпін беретін, жақсылыққа ұмтылдыратын, жарқын өмірге жол сілтейтін мереке.

Халқымызда «Өткен жылға өкпе жоқ, келер жылдан үміт көп» деген даналық сөз бар. Біз қашанда өткенге салауат айтып, болашақтан жақсылық күткен халықпыз. Өтіп бара жатқан жыл еліміз үшін және біздің өңіріміз үшін де тарихи және саяси оқиғаларға толы, табысты жыл болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының тың бастамаларымен тәуелсіз мемлекетіміз дамудың сара жолын жаңа бағыттарда жалғастырып келеді. Мемлекетіміздің мерейі өсіп, абыройы артты. Қазақстан – күллі әлем таныған, құрметтеп, төріне озырған беделді мемлекетке айналды.

Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы, абаттандыру, әлеуметтік сала нысандарын

және жолдарды жөндеу бойынша бірқатар маңызды іс-шаралар атқарылып, тұрғындардың өмірі саласын жақсарту бағытындағы жұмыстар өз жалғасын табады. Ол үшін бізге тек қана ауызбіршілік пен тұрақтылық керек. Жалпы аудан азаматтарының талап-тілектерін қанағаттандыру және халықтың әл-ауқатын арттыру мақсатында көзделген жұмыстар жеткілікті. Амандық болса, барлығы біртіндеп жүзеге асырылатын болады.

Ардақты ағайын! Жаңа жыл – тың бастамалар мен жоспарлардың кезеңі, әр адамның өз арман-тілектерін, сенімін еселеп, болашағына үлкен үміт артатын шақ. Барша халық асыға күтетін осы мерекеде әр шаңыраққа ырыс пен ынтымақ ұялап, бақ-береке дарысын деп тілеймін!

Алдағы жылда да бейбіт те берекелі қалпымыздан жазбай, қашанда жаңа күндер мен жарқын сәттерге куә болып жүрейік! Айдан аман, жылдан есен болып, еліміздің бақыты еселеніп, өрісі кеңейіп, табысы таси берсін! Жаңа жыл құтты болсын!

Құрметпен, Бауыржан ҚАСЕНОВ.

* * *

Құттықтаймын!

Құрметті біржан сал ауданы тұрғындары! Сіздерді Жаңа 2026 жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Жаңа жыл – әрбір адамның жүрегіне жаңа үміттер мен ізгі армандар ұялататын ерекше мереке. Барша адамзат бұл күні өткенді ой елегінен өткізіп, саралап, жаңа жылға таза ниетпен, болашаққа деген мол сеніммен аттағанды қалайды. Келер жыл Сіздерге қуаныш, жаңа ұмытылмас әсерлер мен үкілі үміттер сыйласын! Ұлу жылы ұшқыр арман-қиялдарыңыз бен ақ тілек-ниеттеріңіз орындалатын жарқын да көңілді, табысты әрі мақсатты жыл болуын тілеймін! Сәтсіздіктер өткеннің еншісінде қалып, Өкпе-реніштер

ұмытылып, достық пен сүйіспеншілік дәуіріне жол ашылғай. Барлық бастамалардың бағы жанып, сүйікті ісіңіз қанағат әкелсін, жаңа білімдерге, жаңаша тәжірибеге, биік кәсіптік белестер мен асқар асуларға жетелесін! Алдағы жыл әр адамның жұлдызы жоғарылап, абыройы артуына мол мүмкіндіктер туғызып, өмірімізді мәнді оқиғаларға, татулық пен жасампаздыққа толтырғай! Баршаңыздың тасымыз өрге домалап, отбасылық бақытқа кенелейк, жан жылылығына бөленейік! Жаңа 2026 жыл құтты болсын! Мейірім сәулесі мен шапағат шуағы молынан болғай!

Нұргүл ҚУАТОВА,
аудандық мәслихаттың төрайымы.



Бейжіңнен Римге дейін: 2025 жылғы мәдениет саласындағы айтулы оқиғалары

2025 жылы Қазақстанның мәдениет саласындағы жетістіктері айтарлықтай көп болды. Бейжің қаласында Қазақстанның мәдениет орталығы ашылды. Орталық өнер, тіл және мәдени алмасуға және еліміздің мұрасын таныстыруға арналған ең ірі алаңға айналды. Орталық 2000-нан астам адамды қабылдап үлгерді. Мәдениет алаңы көрме, білім беру және ағартушылық бағытта жұмыс істейді. Бұл Мемлекет басшысының Қазақстанның мәдени дипломатиясын нығайту жөніндегі тапсырмаларына толық сай келеді.

2025 жылғы мәдени оқиғалардың ішінен Нұргиса Тілендиевтің 100 жылдық мерейтойын ерекше атап өткен жөн. Атаулы күн ЮНЕСКО-ның 2024–2025 жылдарға арналған халықаралық деңгейде аталып өтетін мерейтойлар тізіміне енді. Бұл – композитордың әлемдік музыка мәдениетіне қосқан үлесін айқындайтын оқиға. ЮНЕСКО композитордың қазақ дәстүрін, фольклорлық мұра мен заманауи музыканы үйлестіре білген кәсіби шеберлігін жоғары бағалады.

Сонымен қатар, Абайдың 180 жылдығына орай Рим қаласында ұлы ақынның ескерткіші орнатылды. Бұл маңызды оқиға Италия халқының назарын аударып, Қазақстан мен Еуропа арасындағы мәдени байланысты нығайтты. Қазақстанның Ош қаласында Абай атындағы көше, ескерткіш және музей ашылды. Бұл – елдеріміз арасындағы берік байланыс пен қазақ ойшылының ортақ мәдени тарихтағы орынын айшықтайды.

Сондай-ақ Армениядағы Қазақстан мәдениеті күндері аясында Ереван қаласында Абай

Құнанбайұлы атындағы саябақтың салтанатты ашылуы өтті. Бұл оқиға Президентіміздің Ереванға жасаған ресми сапары барысында мемлекет басшылары деңгейінде жасалған келісімдердің нәтижесінде жүзеге асты.

Тамыз айында Қазақстан мен Қырғызстан президенттері қатысқан Мұхтар Әуезов пен Шыңғыс Айтматовқа арналған ескерткіштің ашылуы өтті. Ескерткіш Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы рухани және әдеби бірліктің символына айналды.

Биыл Ақтау қаласына Түркі әлемінің мәдени астанасы деген мәртебе берілді. Бұл мәртебені Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымы берді. Ақтау жиырмадан астам елдің мәдениет мейталмандарын қабылдап, фестиваль, көрмелер, конференциялар мен шығармашылық жобалар ұйымдастырды.

Сондай-ақ Биыл Армения мен Ресейде Қазақстанның мәдени күндері өтті. Ал Қазақстанда Вьетнам халқының мәдени күндері ұйымдастырылды. Мұндай іс-шаралар халықаралық мәдени коммуникацияны нығайтып, елдің шығармашылық жобаларға деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.

2025 жылғы қазақстандық театрлар да айтарлықтай жетістіктерге жетті. «Астана Опера» театрының шетелдегі гастрольдері аншлаппен өтіп, театр әртістері әлемнің жетекші сахналарында жоғары бағаланды. Атап айтқанда, Нұрсұлтан Әнуарбек әлемдік операдағы ең беделді жобалардың бірі – Үлкен театрдың Жастар бағдарламасына конкурс арқылы қабылданды.



Аудандық мәслихаттың жиырма тоғызыншы кезекті сессиясы өтті

Ағымдағы жылдың 19 желтоқсанында аудандық мәслихат төрайымы Нұргүл Қуатованың және аудан әкімінің орынбасары Ерлан Хасеновтің төрағалығымен аудандық мәслихаттың жиырма тоғызыншы кезекті сессиясы өтті.

Сессия жұмысына аудан әкімінің орынбасары Ерсайын Сабыров, Қоғамдық кеңес төрайымы Ақмарал Кенжебаева, сондай-ақ дербес бөлімдер мен құрылымдық бөлімшелердің басшылары қатысты.

Күн тәртібіне келесі мәселелер шығарылды:

1. 2026-2028 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы;

2. 2026-2028 жылдарға арналған Біржан сал ауданының Степняк қаласының, ауылдық округтер мен ауылдар бюджеттері туралы;

3. 2026 жылға арналған Біржан сал ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау көрсету туралы;

4. 2026-2030 жылдарға арналған Біржан сал ауданы даму бағдарламасын бекіту туралы;

5. Біржан сал ауданы әкімдігінің жанындағы консультативті – кеңесу органдарының құрамдарын бекіту және құрамдарына

өзгерістер енгізу туралы;

6. Біржан сал ауданы мәслихатының 2026 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы;

7. Аудандық мәслихат аппаратының 2026 жылға арналған құрылымы мен шығыс сметасы туралы.

Сессия барысында экономика және қаржы бөлімінің басшысы Зәмзәгүл Құсайынованың, сондай-ақ Біржан сал ауданы мәслихатының сегізінші шақырылымы бойынша бюджет және экономикалық даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия төрайымы Лея Мошечкованың баяндамалары тыңдалды.

Отырыста қатысушылар күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, жан-жақты түсіндірмелер алды.

Талқылау қорытындысы бойынша сессияда қаралған барлық мәселелер аудандық мәслихат депутаттары тарапынан қолдау тауып, бекітілді.

Сессия жұмысын қорытындылаған аудан әкімінің орынбасары Ерлан Маратұлы мәслихаттың мемлекеттік және қоғамдық құрылымдармен тиімді өзара іс-қимылын атап өтіп, ауданның өзекті мәселелерін шешуде бірлескен әрі жүйелі жұмыстың маңыздылығын жеткізді. Сондай-ақ алдағы жылы да сындарлы ынтымақтастық жалғасын табатынына сенім білдірді.

Дина АҚЫШЕВА.



Қаладағы басты жаңа жылдық шырша жағылды

22 желтоқсан күні қалалық саябақта жаңа жыл мерекесіне арналған ең жарқын әрі көптен күткен оқиғалардың бірі – қаланың басты жаңа жылдық шыршасын жағу салтанаты өтті. Мерекелік шараға қала тұрғындары, ата-аналар мен балалар көптеп жиналып, саябақ аумағы шаттыққа, көтеріңкі көңіл күй мен әсем әуенге бөленді. Қысқы кеште жарқыраған шамдар мен безендірілген алаңша нағыз ертегі әлемін еске салды.

Шара барысында жиналған қауымды қала әкімі Самат Бермағамбетов құттықтап, алдағы келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен ізгі тілегін жеткізді. Өз сөзінде ол қала тұрғындарына зор денсаулық, отбасылық амандық, береке-бірлік, тыныштық пен табыс тіледі. Сонымен қатар, әкім Жаңа жылдың әр отбасыға қуаныш пен жақсылық әкелуін тілеп, қоғамдағы ауызбіршілік пен игі дәстүрлердің маңыздылығына ерекше тоқталды.

Ресми бөлімнен кейін мерекелік бағдарлама басталып, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Балалар мен ересектерге арналған ойын-сауық кешінде аниматорлар өнер көрсетіп, көпшіліктің көңілін көтерді.

Мерекенің басты кейіпкерлері – Аяз ата мен Ақшақар шығып, бүлдіршіндермен ән айтып, би биледі. Бұл сәттер балалардың жүзінен шынайы қуаныш пен шаттықты байқауға мүмкіндік берді.

Шара барысында жас қатысушылар жаңа жылға арналған өлеңдерін оқып, ата-аналармен бірге әсем безендірілген шыршаны айнала қол ұстасып, бірліктің, татулықтың үлгісін көрсетті. Саябақта әрбір жан жаңа жылдық ғажайыпты сезініп, ортақ қуанышқа кенелді.

Кештің ең әсерлі әрі маңызды сәті – қаланың басты жаңа жылдық шыршасының шамдарын жағу рәсімі болды. Бір сәтте мыңдаған түрлі-түсті шамдар жарқырап, саябақты ерекше жарық пен жылуға бөледі. Бұл көрініс мерекелік кештің шарықтау шегі болып, жаңа жылдық думанның ресми түрде басталғанын білдірді.

Аталған салтанатты шара қала тұрғындарының есінде ұзақ сақталып, Жаңа жылды көтеріңкі көңіл күймен, жарқын үміт пен игі тілектермен қарсы алуға серпін берді. Жаңа жыл әр шаңыраққа бақ-береке, молшылық пен қуаныш әкелсін!

Дина АҚЫШЕВА.



Жасыл болашақ – жастардың қолында

Қазақстанның табиғаты – кең байтақ далалар мен шексіз жазықтар, айнадай мөлдір көлдер мен асқар таулардан тұратын баға жетпес қазына, ал сол байлықты сақтау – бүгінгі ұрпақтың ең жауапты міндеттерінің бірі.

Осы бағытта елімізде соңғы жылдары жүзеге асырылып келе жатқан «Таза Қазақстан» бастамасы қоғамның экологияға деген көзқарасын түбегейлі өзгертіп, табиғатты қорғау мәдениетін қалыптастыруға серпін берді. Әсіресе жастар арасында қоршаған ортаны таза ұстау, суды үнемдеу, қалдықтарды сұрыптау сияқты қарапайым, бірақ маңызды әрекеттерге қызығушылық артып, мектептер мен жоғары оқу орындарында экологиялық клубтар мен волонтерлік қозғалыстар белсенді дами бастады.

Осындай игі істердің жарқын көрінісі ретінде желтоқсан айының 18 жұлдызында қаламыздағы Абай атындағы №2 орта мектеп базасында өткен «Жасыл болашақ» экологиялық викторина-квестін атауға болады. «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында ұйымдастырылған бұл танымдық шараның басты мақсаты – өскелең ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, табиғатқа жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу және қоршаған ортаны қорғауға деген жеке жауапкершілікті арттыру болды.

Байқауға қаламыздың №1 және №2 мектептерінен келген 5 оқушыдан тұратын топтар қатысып, квест барысында викториналық сұрақтарға жауап беріп, интерактивті, шығармашылық және командалық тапсырмаларды орындау арқылы өз білімдері мен белсенділіктерін көрсетті. Олар сондай-ақ экологиялық мәселелер және оларды шешу жолдары тақырыбында плакат әзірледі.

Жастар ресурстық орталығының мамандары тұрмыстық қалдықтарды дұрыс сұрыптаудың маңызы, экологиялық әдеттердің күнделікті өмірдегі рөлі туралы нақты мысалдар келтіріп, пайдалы ақпараттармен бөлісті, ал ойын форматы оқушыларға экология тақырыбын терең әрі қызықты түрде түсінуге мүмкіндік берді.

Квест 6 экологиялық бекеттен тұрды: «Өлемді тану», «Қайта өңдеу», «Арман қаласы», «Қазақстан қорықтары», «Эко-викторина», «Логикалық тізбек».

Әділ қазылар құрамында мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы – Әмина Мәлікқызы Жақыпова, ішкі саясат бөлімінің басшысы – Миргүл Уахитқызы Аяғанова, «Еңбекшілдер жаршысы-Вести Еңбекшілдерья» аудандық газетінің директор-

редакторы Дина Амангелдіқызы Ақышева болды.

Байқау қорытындысы бойынша: I орынға Абай атындағы №2 ЖОББМ-нің «Жасыл болашақ» тобы ие болды; II орынды №1 ЖОББМ-нің «Эко-Life» тобы жеңіп алды; III орынды №1 ЖОББМ-нің «Короли» тобы қанжығасына байлады. Сонымен қатар, Абай атындағы №2 ЖОББМ-нің «Азат» тобы белсенді қатысқаны үшін арнайы марапатқа ие болды.

Шара соңында жеңімпаздар дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталып, барлық қатысушылар экология саласындағы білімдерін толықтырып қана қоймай, табиғатты қорғау әр адамның өзінен басталатынын терең сезінді.

Интеллектуалды викторинаға экологиялық жас белсенділер, «Жасыл ел» еңбек жасағының сарбаздары белсенді қатысып, өз білімдерін жоғары деңгейде көрсете білді.

Абай атындағы №2 орта мектебінің директоры Руслан Ғалымұлы Әбуов мұндай іс-шаралардың тәрбиелік мәні зор екенін атап өтіп, алдағы уақытта экологиялық білім беруге бағытталған жобаларды тұрақты түрде жүзеге асыру жоспарланып отырғанын жеткізді.

Руслан Ғалымұлының айтуынша, «Таза Қазақстан» жобасы тек тазалық акциясы ғана емес, экологиялық сананы қалыптастыратын, әр адамды туған өлкесінің табиғатын қорғауға жұмылдыратын маңызды бастама.

«Жасыл болашақ» квесті жастардың экология мәселесіне деген жоғары қызығушылығын, олардың табиғатты қорғауға белсенді қатысуға дайын екенін айқын көрсетіп, еліміздің жасыл әрі таза болашағына жасалған маңызды қадамдардың біріне айналды.

Қуаныш НУРКУШЕВА.



Отбасындағы татулық – қоғамның тірегі

Желтоқсан айының 15 жұлдызында аудандық орталық кітапханада ауданымыздың ішкі саясат бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында «Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында «Сенім аумағы» атты мазмұнды әрі өзекті семинар-тренинг ұйымдастырылды. Қазіргі қоғамда өзектілігін жоғалтпай отырған бұл мәселе – отбасы институтын сақтау, адам құқықтарын қорғау және зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытындағы маңызды бастамалардың бірі болып табылады. Іс-шараға мемлекеттік мекеме өкілдері, кітапхана қызметкерлері, жастар, әйелдер қауымдастығының мүшелері, әлеуметтік сала мамандары және қоғам белсенділері қатысты.

Семинардың ашылу салтанатында аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Миргүл Уахитқызы Аяғанова сөз сөйлеп, аталған тақырыптың маңыздылығына жан-жақты тоқталды. Ол отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу – тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті екенін атап өтіп, осындай ағартушылық бағыттағы іс-шаралардың тұрғындардың санасын қалыптастырудағы рөлін ерекше атап өтті.

Сонымен қатар, арнайы шақырылған спикерді таныстырып, семинар-тренинг жұмысына сәттілік тіледі.

Семинар-тренингтің басты мақсаты – отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, тұрғындардың құқықтық және психологиялық сауаттылығын арттыру, қиын жағдайларда дұрыс шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ өзара түсіністік пен сенімге негізделген салауатты отбасылық қарым-қатынасты нығайту болды.

Аталған жиында спикер ретінде «Женский луч» қоғамдық бірлестігі директорының орынбасары, көпжылдық тәжірибесі бар дипломды отбасылық психолог Наталья Васильевна Шаврова сөз сөйледі.

Ол психология саласында 15 жылдан астам еңбек өтілі бар кәсіби медиатор, Ақмола облысы бойынша қоғамдық бақылау комиссиясының төрайымы, гендерлік мәселелер жөніндегі сарапшы, республикалық деңгейдегі тренер әрі ментор ретінде қатысушыларға теориялық және практикалық тұрғыда құнды ақпараттар ұсынды.

Семинар барысында отбасылық қарым-қатынаста жиі кездесетін жасымды жанжалдардың себептері, зорлық-зомбылықтың психологиялық, әлеуметтік және эмоциялық белгілері, дағдарысты жағдайлардың алдын алу және

оларды бейбіт жолмен шешу әдістері кеңінен түсіндірілді. Сонымен қатар, эмоцияны басқару, ашу мен күйзелісті бақылау, өзара тыңдай білу, сыйластық пен сенімді арттырудың тиімді жолдары туралы нақты мысалдар келтірілді.

Тренинг интерактивті форматта өткізіліп, қатысушылар түрлі психологиялық жаттығуларға, рөлдік ойындарға және топтық талқылауларға белсене қатысты. Бұл жаттығулар арқылы қатысушылар өз сезімдерін түсінуге, қарым-қатынаста жіберілетін қателіктерді байқауға және оларды түзету жолдарын үйренуге мүмкіндік алды. Сондай-ақ, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа тап болған жағдайда қайда жүгіну керектігі, құқықтық және психологиялық көмек алу жолдары жөнінде нақты ақпараттар берілді.

«Сенім аумағы» форматында өткен семинар-тренинг ашық әрі еркін пікір алмасуға негізделіп, қатысушылар көкейлеріндегі сұрақтарын жасырмай қойып, кәсіби маманнан нақты әрі пайдалы жауаптар алды. Көптеген қатысушылар семинардың олардың өмірлік көзқарасына оң әсер еткенін және алған білімдерінің күнделікті өмірде аса қажет екенін атап өтті.

Қорытындылай келе, «Сенім аумағы» атты семинар-тренинг отбасындағы береке мен татулықты сақтауға, қоғамда зорлық-зомбылыққа мүлдем тәзбеушілік мәдениетін қалыптастыруға, азаматтардың әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға бағытталған маңызды әрі тағылымды іс-шара болды. Осындай мазмұнды кездесулер алдағы уақытта да жалғасын тауып, тұрғындардың психологиялық саулығын нығайтуға және қоғамдағы өзара сыйластықты арттыруға өз үлесін қоса бермек.

Қуаныш НУРКУШЕВА.



Алкоголь және жаңа жыл мерекелері: дәстүр ме, әлде қауіп пе?

Жаңа жыл мерекелері – қуанышқа, жақындармен кездесуге, жылдың қорытындыларын шығарып, болашаққа үмітпен қарауға арналған уақыт. Алайда көптеген адамдар үшін бұл кезең көбіне алкогольді шамадан тыс тұтынумен байланысты болып, мерекені денсаулыққа, отбасы мен қоғамға қауіпті жағдайға айналдырады.

Қоғамдық санада алкогольді ішімдіктерді тұтыну жиі жаңа жылдық дастарханның ажырамас бөлігі ретінде қабылданады. Сағат қаққан кезде бокал шампан құю мерекенің символына айналғанымен, қалыпты тұтыну мен шамадан тыс ішудің арасындағы шекара жиі бұзылады. Ұзақ демалыс күндері, дастарханның көп болуы және әдеттегі режимнің болмауы алкогольді бақылаусыз тұтынуға жағдай жасайды.

Жаңа жылдық «алкоголь марафондарының» салдары айқын көрінеді. Мереке күндері медициналық мекемелерге алкоголь улануы, созылмалы аурулардың асқынуы, жарақаттар мен жол-көлік оқиғалары бойынша жүгінетіндер саны артады. Ерекше алаңдатырлығы – ересектердің мас күйінде балалар мен жасөспірімдерге теріс үлгі көрсетуі, олардың демалыс мәдениеті туралы бұрмаланған түсінік қалыптастыруы.

Алкоголь жиі отбасылық жанжалдар мен тұрмыстық зорлық-зомбылыққа себеп болады, бұл әсіресе бірлікті, жылулықты сыйлауы тиіс кезеңде ауыр сезіледі. Қуаныш пен өзара түсіністік орнына отбасылар ұрыстар, айыптаулар мен психологиялық жарақаттарға душар болады, оның салдары ұзақ уақыт сақталуы мүмкін.

Нағыз мереке ішімдік мөлшеріне байланысты емес екенін ұмытпау қажет. Жаңа жыл күндерін қызықты әрі пайдалы өткізуге арналған баламалар бар: белсенді демалыс, таза ауада серуендеу, отбасылық ойындар, мәдени шараларға қатысу. Бұл денсаулықты нығайтуға және нағыз жылы, жағымды мерекелік атмосфера құруға септігін тигізеді.

Алкогольге жауапты қарым-қатынас қалыптастыру – тек әр адамның ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті. Саналы түрде шектеулі тұтыну немесе ішімдіксіз мереке өткізу таңдауын жасау – денсаулықты, отбасының амандығын сақтау мен мерекеден жағымды естеліктер алуға көмектеседі.

Жаңа жыл мерекелері қуаныш, қауіпсіздік және жылы эмоциялар уақытына айналсын, ал проблемалар мен өкініштерге себеп болмауын тілеймін.

Дина АҚЫШЕВА.

• Баспасөз – 2026

Жазылу маусымы жалғасуда

Қадірлі Біржан сал ауданының тұрғындары! Құрметті газет жанашырлары! Рухани азығыңыз, күнделікті серігіңіз – «Еңбекшілдер жаршысы-Вести Еңбекшілдерья» газетіне жазылу маусымы жалғасуда!

Бұл – туған өлке тынысынан хабардар болып, ауылдың шынайы өмірін бірге сезінудің ең оңай жолы.

Газет бетінде аудан жаңалықтары, ауыл тынысы, ел ішіндегі игі істер, ардақты адамдардың өмірі мен еңбегі, жастар жетістігі мен зейнеткерлер өнегесі кеңінен жарияланады. Сонымен қатар, түрлі сала мамандарының кеңестері мен тағылымды мақалалар да тұрақты түрде жарық көреді.

Жазылу бағасы: 6 айға – 3507 теңге.

Бүгіннен қалмай, өзіңіздің және жақындарыңыздың атынан жазылып, туған жердің жаңалығын бірге оқиық!

Алғысымызды білдіреміз!

Мақпал ауылы мектебінің атынан, оқушыларымыздың және мектептің Қамқоршылық кеңесінің атынан келесі шынайы демеушілерге алғысымызды білдіреміз: Дәулетбаева Самал, Халанская Людмила, Тұйғынов Дәулет, Бостанов Әділ, Сағымбаев Назымбек, Маймаков Медет, Данияров Жанат, Бостанов Асхат, Байгарин Әлім, Мешелев Өміртай, Сейтов Ақылбек, Қазыбаев Еркен, Сугралин Мергенбек, Тайшиков Жанат, Глинов Николай, Хасенов Талғат.

Сіздердің көрсеткен қолдауларыңыз бен жанашырлықтарыңыздың арқасында мектепте дәстүрге айналған Жаңа жылдық шыршаны жоғары деңгейде өткізуге мүмкіндік туды. Балалардың жүзіндегі шаттық, қуаныш пен жарқын әсерлер – Сіздердің игі істеріңіздің нақты нәтижесі.

Сіздер жыл сайын бұл игі бастамадан тыс қалмай, әрдайым қолдау көрсетіп келе жатқандарыңыз үшін ерекше ризашылығымызды білдіреміз. Осындай қамқорлық пен мейірімділік жас ұрпақтың жүрегінде ұзақ сақталатыны сөзсіз.

Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге толағай табыс, алдағы істеріңізге мол береке тілейміз!

Қоғамдық тыңдаулар

«Кен Шуақ» ЖШС Қызылсор кен орны үшін экологиялық әсер ету рұқсатын (ҚОҚБ, РЕШ нормативтері, РЕТ нормативтері, ҚББ, ЭЭББ, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспары) алуға арналған материалдар бойынша ашық жиналыстар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Қоғамдық тыңдауды өткізу орны, күні мен уақыты: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Ақсу а.о., Ақсу а., мектеп ғимаратында, 2026 жылы 27 қаңтар күні сағат 12:00-де.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар Zoom платформасында бейнеконференция форматында өтеді. Масштабтау сілтемесі: <https://us06web.zoom.us/j/8545882756?pwd=Ykwl5qZ10BfsFcPKvbPpOJR3mUmbOH.1&omn=81653036473>

Конференция идентификаторы: 854 588 2756

Кіру коды: Gr93D4

Бастамашысы: «Кен Шуақ» ЖШС, 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., «Сарыарқа» ауданы, Бөгенбай батыр даңғылы, № 6/5 ғимарат, 161040004442, Кардиев Азат Төремұратұлы, +77172570731, kenshuaknedra@mail.ru.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ЭКО-ДАМУ» ЖШС, Көкшетау қ., Әуелбеков к-сі, 139, каб. 319, БСН 100940015182, Тел: 87017503822, директоры Н.Б.Темірғалиев.

Жергілікті атқарушы орган: «Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: 8 (7162) 402807.

Жоба бойынша құжаттама БЭК-те орналастырылған [https:// ndbecology.gov.kz/және ЖАО сайтында www.upr.akmo.gov.kz](https://ndbecology.gov.kz/және_ЖАО_сайтында_www.upr.akmo.gov.kz_), <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/activities/directions?lang=ru>.

Жоспарланған қызмет туралы ақпарат алуға болатын байланыстар және құжаттардың көшірмесімен танысады: esodamu@mail.ru, +77017503822.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары мына мекенжай бойынша қабылданады: natur@akmol.gov.kz

Қызылсор кен орнының көзделіп отырған қызметінің орналасу координаттары: 52°35'28.72"C, 72°33'54.95"Ш

Әсер ету аумағының орналасу координаттары: 52°31'7.70"C, 72°18'32.16"В

Біржан сал ауданының прокуратурасы назарларыңызға салады!

Соңғы кездері алаяқтық қылмыстары, соның ішінде интернет және байланыс құралдары арқылы жасалынатын интернет-алақтық қылмыстары қоғам ішінде белең алуда.

Сақ болыңыз:

- Алаяқтар өздерін құқық қорғау органдарының, мемлекеттік органдардың және банктің қызметкерлері ретінде таныстырады және сізден банк картасы туралы мәліметтер, PIN-кодтар немесе SMS-кодтарды сұрайды.
- Есіңізде болсын, мемлекеттік, банктік қызметкерлер ешқашанда сіздің банк картаңыздың мәліметтерін және шотыңыздағы ақшаны аударуды сұрамайды.
- Сондай-ақ, күдікті сілтемелерді қарамаңыз және қосымшаларды ұялы телефоныңызға орнатпаңыз.

Өзіңізді қорғаңыз және жақындарыңызды сақтаңыз.

QAM

DB

MUFTYAT.KZ

@MUFTIYATKZ

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ БЕКІТКЕН

2026 ЖЫЛҒЫ ДІНИ КҮНДЕР КЕСТЕСІ

МҰСЫЛМАН ЖЫЛ САНАУЫ			МИЛАДИ ЖЫЛ САНАУЫ			ДІНИ КҮНДЕР МЕН МЕРЕКЕЛЕР
КҮН	АЙ	ЖЫЛ	КҮН	АЙ	АПТА	
26/27	Ережеп	1447	15/16	Қаңтар	Бейсенбі	МИҒРАЖ ТҮНІ
1	Шағбан	1447	20	Қаңтар	Сейсенбі	
14/15	Шағбан	1447	02/03	Ақпан	Дүйсенбі	БАРААТ ТҮНІ
1	Рамазан	1447	19	Ақпан	Бейсенбі	ОРАЗАНЫҢ БАСТАЛУЫ
26/27	Рамазан	1447	16/17	Наурыз	Дүйсенбі	ҚАДІР ТҮНІ
1	Шәууал	1447	20	Наурыз	Жұма	ОРАЗА АЙТ
1	Зұлқағда	1447	18	Сәуір	Сенбі	
1	Зұлхижжа	1447	18	Мамыр	Дүйсенбі	
9	Зұлхижжа	1447	26	Мамыр	Сейсенбі	АРАПА
10	Зұлхижжа	1447	27	Мамыр	Сәрсенбі	ҚҰРБАН АЙТ (1-күні)
11	Зұлхижжа	1447	28	Мамыр	Бейсенбі	ҚҰРБАН АЙТ (2-күні)
12	Зұлхижжа	1447	29	Мамыр	Жұма	ҚҰРБАН АЙТ (3-күні)
1	Мұхаррам	1448	16	Маусым	Сейсенбі	
10	Мұхаррам	1448	25	Маусым	Бейсенбі	АШУРА КҮНІ
1	Сафар	1448	15	Шілде	Сәрсенбі	
1	Рабиғұл әууәл	1448	14	Тамыз	Жұма	
11/12	Рабиғұл әууәл	1448	24/25	Тамыз	Дүйсенбі	МӘУЛІТ
1	Рабиғұл ахир	1448	12	Қыркүйек	Сенбі	
1	Жұмадәл әууәл	1448	12	Қазан	Дүйсенбі	
1	Жұмадәл ахир	1448	10	Қараша	Сейсенбі	
1	Ережеп	1448	10	Желтоқсан	Бейсенбі	

ЕСКЕРТУ:

Хижри айлардың басталуы халықаралық астрономиялық зерттеу орталықтарының мәліметтері негізінде жасалды. Алайда, діни мерекелердің нақты күндері жаңа айдың көрінуіне байланысты көрсетілген уақыттан бір күн шегерілуі немесе алға жылжуы мүмкін.

ТЕЛЕДИДАР БАҒДАРЛАМАСЫ

ДҮЙСЕНБІ

29 ЖЕЛТОҚСАН

ҚАЗАҚСТАН

05:30 Әнұран 05:35 Жақсылықпен кел, Жаңа жыл! 06:30 Т/х "Жаңа қоныс" 07:00 Тағшолпан 09:00 Т/х "Қыз тағдыры" 10:00, 13:00, 17:00, 20:00, 01:45 Ақпарат 10:10, 18:00 Т/х "Бір сен үшін" 12:15 Қызық екен... 13:10, 03:00 Апта 14:00, 03:50 Берекелі жыл болсын! 14:30 М/ф "Рапунцель" 16:00, 00:10 Т/х "Күйеу бала" 17:20, 01:00 Қазір айтайық 20:30 Т/х "Махаббат ертегісі" 22:20, 02:15 Ашық алаң 23:10 1001 түн

ХАБАР

05:00 Концерт "Жолдар, жолдар" 07:00 Оян! 09:00 М/ф "Команда котиков" 10:30 Т/с "Моя прекрасная жизнь" 12:30 Х/ф "Қызымның қорғаушысы" 14:30 Т/х "Келінжан 6" 16:15 Х/ф "Тариф "Новогодний" 18:00 Новости 18:30 Жаңалықтар 19:00 Cover show 20:00 Т/х "Ғашықтың тілі" 21:45 Х/ф "Елки" 23:30 Концерт "Махаббат әлемі"

ЕВРАЗИЯ

06:00, 03:55 Тамаша city 06:45, 02:05 П@утина 08:25, 19:00 Köremiz-шоу 09:25 Жить здорово! 10:15 Х/ф "Новогоднее чудо" 11:50 Х/ф "Огниво" 14:00, 01:40 Новости 14:15, 01:50 Жаңалықтар 14:30 QosLike 18:30, 03:30 Басты жаңалықтар 20:00 Главные новости 20:30 Т/с "Адмиралы района 2" 00:45 Т/с "Шулёр"

СЕЙСЕНБІ, 30 ЖЕЛТОҚСАН

ҚАЗАҚСТАН

05:30 Әнұран 05:35 М/ф "Рапунцель" 07:00 Тағшолпан 09:00 Т/х "Қыз тағдыры" 10:00, 13:00, 17:00, 20:00, 01:40 Ақпарат 10:10, 18:00 Т/х "Бір сен үшін" 12:15 Қызық екен... 13:10, 02:10 Жақсылықпен кел, Жаңа жыл! 14:30 М/ф "Мұзды өлке" 16:00, 00:10 Т/х "Күйеу бала" 17:20, 01:00 Қазір айтайық 20:30 Т/х "Махаббат ертегісі" 22:20 1001 түн 03:40 Ауылдастар

ХАБАР

05:00 Концерт "Tugar" 07:00 Оян! 09:00 М/ф "Стражи арктики" 10:30 Т/с "Моя прекрасная жизнь" 12:30, 20:00 Т/х "Ғашықтың тілі" 14:15 Х/ф "Елки" 16:00 Х/ф "Елки 2" 18:00 Новости 18:30 Жаңалықтар 19:00 Cover show 21:45 Х/ф "Жар-Жар" 23:35 М.к. Бесбаевтың "Құс қанат ғұмыр" атты концерті

ЕВРАЗИЯ

06:00, 03:55 Тамаша city 07:10, 02:05 П@утина 08:00, 19:00 Köremiz-шоу 09:00 Жить здорово! 10:00 Т/с "Пансионат сказка, или Чудеса включены" 14:00, 01:40 Новости 14:15, 01:50 Жаңалықтар 14:30 QosLike 18:30, 02:30 Басты жаңалықтар 20:00 Главные новости 20:30 "Адмиралы района 2". Закл серии 00:45 Т/с "Шулёр"

СӘРСЕНБІ, 31 ЖЕЛТОҚСАН

ҚАЗАҚСТАН

05:30 Әнұран 05:35, 13:30, 21:00 Жақсылықпен кел, Жаңа жыл! 06:30 Т/х "Жаңа қоныс" 07:00 Тағшолпан 09:00 Т/х "Қыз тағдыры" 10:00 Т/х "Бір сен үшін" 12:05 М/ф "Мұзды өлке" 14:25 М/ф "Мұзды өлке 2" 15:55 К/ф "Үйде жалғыз қалғанда" 17:40 К/ф "Биік сезім" 19:10 Т/х "Жаңа жыл" 23:50 ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Құттықтауы 00:00 "Жақсылықпен кел, Жаңа жыл!"

ХАБАР

05:00 Жаңа жылдық топтама 07:00 Оян! 09:00 Сборник

ЕВРАЗИЯ

06:00, 03:45 Тамаша city 06:45, 03:10 П@утина 08:20

Grand Hotel Khabar" 11:00 М/ф "Стражи арктики" 12:20 М/ф "Блестка и спасённое Рождество" 13:40 Х/ф "Елки 2" 15:30 Х/ф "Папа поневоле" 16:40 Х/ф "Жар-Жар" 18:20 Х/ф "Заманback" 20:00 Қызық премия 2025 22:00 "Ғажайып түн" 1-бөлім 23:50 Қазақстан Республикасы Президентінің жаңажылдық Құттықтауы 00:00 "Ғажайып түн" 2-бөлім 01:10 Сборник "Ғажайып түн" 03:10 Жаңа жылдық концерт

ЕВРАЗИЯ

06:00 Тамаша city 06:45 П@утина 07:30 Köremiz-шоу 08:20 Х/ф "32-е декабря" 10:00 Д/ф "Хоть поверьте, хоть проверьте" 11:00 Смотрим всей семьей. "Золушка" 12:40 Х/ф "Одна дома" 14:30 QosLike 18:15 Х/ф "Елки - 11" 20:00 Қош келдің, 2026! Добро пожаловать, 2026! 23:50 Новогоднее поздравление Президенті РК Касым-Жомарта Токаева 00:05 "Қош келдің, 2026! Добро пожаловать, 2026!" 00:15 Новогодняя ночь на первом

БЕЙСЕНБІ, 1 ҚАҢТАР

ҚАЗАҚСТАН

05:30 Әнұран 05:35 "Жақсылықпен кел, Жаңа жыл!" 05:50, 01:10 Жақсылықпен кел, Жаңа жыл! 06:40 Т/х "Жаңа қоныс" 07:10 М/ф "Мұзды өлке 2" 08:40, 19:10 Т/х "Жаңа жыл" 10:30 К/ф "Биік сезім" 11:55 К/ф "Үйде жалғыз қалғанда" 13:40 М/ф "Моана" 15:15 К/ф "Үйде жалғыз қалғанда 2" 17:30 К/ф "Байдың баласы" 21:00 Сағындырған өндер-ай! 23:30 К/ф "Тақиялы періште"

ХАБАР

05:00 Концерт Kalifarniya 07:00 Жаңа жылдық топтама 08:30 М/ф "Блестка и спасённое Рождество" 09:50 М/ф "Пингвиненок Пороро: нападение монстров" 10:50 М/ф "Пингвиненок Пороро: приключения в замке дракона" 11:50 Х/ф "Елки 3" 13:40 Қызық премия 2025 16:10 Ғажайып түн 18:30 Жайдарман 20:00 Концерт "Қайрат Нұртас" 22:00 Х/ф "Келінжан" 23:30 Концерт "Қара бала"

ЕВРАЗИЯ

07:00, 03:35 Тамаша city 07:45, 02:50 П@утина 08:45 Смотрим на каникулах. "Марья-искусница" 10:10 Х/ф "Маруся форева" 11:35 Х/ф "Загадай желание" 13:05 Х/ф "Снежный человек" 15:00 "Музыка нашей любви". Концерт к дню рождения А. Пахмутовой 17:00 Смотрим всей семьей. "Елки - 11" 18:30 Х/ф "Милости просим" 20:30 Голосющий КиВиН 23:00 Команды 00:05 Что? Где? Когда? 01:25 Х/ф "Девушка с косой"

ЖҰМА, 2 ҚАҢТАР

ҚАЗАҚСТАН

05:30 Әнұран 05:35, 01:40 Жақсылықпен кел, Жаңа жыл! 06:25 Т/х "Жаңа қоныс" 06:55 М/ф "Моана" 08:30 Т/х "Жаңа жыл" 10:20 К/ф "Байдың баласы" 12:00 К/ф "Үйде жалғыз қалғанда 2" 14:10 М/ф "Мұз дәуірі 4: құрлықтардың жылжуы" 15:30 Ұнайды маған 17:20 К/ф "Жұмбақ қыз" 19:00 К/ф "Түркиядағы қазақша бизнес" 21:00 К/ф "Аватар" 00:00 К/ф "Үйде жалғыз қалғанда 3"

ХАБАР

05:00 Концерт "Jan syrgut" 07:00 Жаңа жылдық топтама 09:00 М/ф "Пингвиненок Пороро: нападение монстров" 10:00 М/ф "Пингвиненок Пороро: приключения в замке дракона" 11:00 М/ф "Тайна парка развлечений" 12:30 Х/ф "Елки 1914" 14:30 Х/ф "Елки новые" 16:00 Финал "The Voice Қазақстан" 18:00 Жайдарман 19:30 Концерт "Бағым Мұхитдинова" 22:00 Х/ф "Келінжан 2" 23:35 Концерт "Өмір - өзен"

ХАБАР

05:00 Жаңа жылдық топтама 07:00 Оян! 09:00 Сборник

ЕВРАЗИЯ

06:00, 03:45 Тамаша city 06:45, 03:10 П@утина 08:20

Смотрим на каникулах. "Морозко" 09:50 Смотрим наше кино вместе. "Каникулы OFF-line" 11:30 Т/с "Ласточкино гнездо" (каз.) 15:00 "Когда мои друзья со мной". Концерт к 100-летию В. Шаинского 16:35 Х/ф "Милости просим" 18:30 Х/ф "Кто вызвал аниматора?" 20:30 Новогоднее "Золотое кольцо". Н. и Г. Кадышевы 22:00 Х/ф "Водитель-олигарх" 23:40 Команды 00:40 Что? Где? Когда? 01:45 "Наш Новый год". Большой праздничный концерт

СЕНБІ, 3 ҚАҢТАР

ҚАЗАҚСТАН

05:30 Әнұран 05:35, 16:00, 23:55 Жақсылықпен кел, Жаңа жыл! 06:30 Т/х "Жаңа қоныс" 07:40 М/ф "Мұз дәуірі 4: құрлықтардың жылжуы" 09:00 Т/х "Қыз тағдыры" 10:00 К/ф "Жұмбақ қыз" 11:40 К/ф "Түркиядағы қазақша бизнестің" 13:40 Ш. Қалдаяқовтың өндерінен концерт 14:30 М/ф "Мұз дәуірі 5: қақтығыс бағыты" 17:10 Abik jeksen. Live концерт 18:50 К/ф "Көршілер" 20:30 Т/х "Махаббат ертегісі" 21:25 "Stranger". Д. Құдайбергennің шығармашылық кеші

ХАБАР

05:00 Концерт "Жарай ма?" 07:00 Жаңажылдық топтама 09:00 М/ф "Тайна парка развлечений" 10:30 М/с "Белка и Стрелка. Озорная семейка" 11:10 Х/ф "Елки новые" 12:40 Х/ф "Елки последние" 14:30 Концерт "Бағым Мұхитдинова" 17:00 Жайдарман 19:30 Концерт "Дильназ Ахмадиева" 21:30 Арнайы жоба: "Қаңтар" психологиясы 22:00 Х/ф "Келінжан 3" 00:00 Концерт "Мен..."

ЕВРАЗИЯ

06:00, 03:15 Тамаша city 06:50, 02:45 П@утина 08:35 Союзмультфильм 09:15 Смотрим наше кино вместе. "Каникулы OFF-line 3" 11:15 Т/с "Ласточкино гнездо" (каз.) 14:45 Новогоднее "Золотое кольцо" 16:15 Х/ф "Кто вызвал аниматора?" 18:15 Х/ф "Паромщик" 20:30 Т/с "Казанова" 00:10 Что? Где? Когда? 01:15 Легенды "РетроFM"

ЖЕКСЕНБІ, 4 ҚАҢТАР

ҚАЗАҚСТАН

05:30 Әнұран 05:35, 16:00, 23:55 Жақсылықпен кел, Жаңа жыл! 06:30 Т/х "Жаңа қоныс" 07:40 М/ф "Мұз дәуірі 5: қақтығыс бағыты" 09:00 Т/х "Қыз тағдыры" 10:00 К/ф "Көршілер" 11:50 Сағындырған өндер-ай! 14:30 М/ф "Мейірімді динозавр" 19:00 Реформалар уақыты 19:15 Ескендір хасанғалиевті еске алу кеші 20:30 Т/х "Махаббат ертегісі" 21:25 Т/х "Жар-Жар"

ХАБАР

05:00 Концерт "Абайлаңыздар" 07:00 Жаңажылдық топтама 09:00 М/ф "Стражи терракоты" 10:40 М/ф "Большой кошачий побег" 12:00 Х/ф "Елки последние" 13:45 Х/ф "Дубай любой ценой" 15:30 Концерт "Дильназ Ахмадиева" 17:15 Қызық премия 2025 19:30 Концерт "Досымжан Таңатаров" 21:30 "Мифы Кантара" 22:00 Х/ф "Где мой дом?" 23:30 Концерт "Мен жайлы..."

ЕВРАЗИЯ

06:00, 03:30 Тамаша city 06:50, 02:00 П@утина 08:40 Союзмультфильм 09:20 Смотрим всей семьей. "Чертов камень. Семеро смелых" 11:00 Т/с "Ласточкино гнездо" (каз.) 14:30 Легенды "РетроFM" 16:10 Х/ф "Паромщик" 18:25 Драма "Туда и обратно" 20:30 Т/с "Казанова" 00:10 Что? Где? Когда? 01:15 Д/ф "Вся жизнь - игра"



Тәуелсіздікке арналған спорттық дода

Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіз ел болу бақыты бүгінгі ұрпақтың маңдайына бұйырып, азаттықтың ақ таңы халқымызға жаңа мүмкіндіктер мен жарқын болашақ сыйлады.

Тәуелсіздік күні – еліміздің еркіндігі мен егемендігін нығайту жолында атқарылған елшеуіс еңбекті қорытындылап, өткенге тағзым етіп, келешекке сеніммен қарауға үндейтін мерейлі мереке.

Осы айтулы күн қарсаңында еліміздің түкпір-түкпірінде мазмұнды да тағылымды іс-шаралар ұйымдастырылып, халық бірлігі мен елдік рухы айқын көрініс табуда.

Солардың бірі – желтоқсан айының 14 жұлдызында қаламыздағы «Жеңіс» спорт-сауықтыру кешенінің спорт залында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған ауылдық округтер мен қала ұйымдары арасында жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін волейбол турнирі болды.

Жоғары деңгейде ұйымдастырылған бұл спорттық дода салауатты өмір салтын насихаттауды, бұқаралық спортты дамыту мен волейбол ойынын кеңінен танымал етуді, ауданымыздың ең мықты спортшыларын анықтауды, сондай-ақ елдік мереке аясында патриоттық рухты нығайтуды мақсат етті. Турнирге барлығы 8 команда қатысып, жарыс «Микс» жүйесі бойынша өтті, яғни әр команда құрамында төрт ер адам мен екі

әйел спортшы өз шеберліктерін ортаға салды, жалпы саны 80-ге жуық спортшы қатысқан жарыс таңғы сағат 10:00-де салтанатты түрде ашылып, командалар таныстырылып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні шырқалды.

Тартысқа толы өткен жарыс барысында барлық командалар жоғары дайындықтарын көрсетіп, көрермендерге әсерлі де әдемі ойын сыйлады, әрбір кездесу спорттық рухқа, әділ бәсекеге және өзара сыйластыққа толы болды.

Турнир қорытындысы бойынша жүлделі үшінші орын мен қола медальдар Кеңашы ауылының командасына бұйырса, екінші орынды Баймырза ауылының спортшылары иеленді, ал тартысты ойын нәтижесінде Үлгі ауылының командасы чемпион атанып, алтын медальдарға қол жеткізді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы кубоктармен, медальдармен, грамоталармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталып, барша қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй мен жарқын әсер сыйлады.

Аталған турнир аудан көлемінде спортты дамытуға, тұрғындар арасындағы достық пен ынтымақты нығайтуға, сондай-ақ жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуге үлкен үлес қосып, Тәуелсіздік мерекесінің мәні мен маңызын айқындай түсті.

Марат ЕРХАТОВ,
«Jenis» спорт кешенінің басшысы.



Жылы үй – қауіпсіз үй!

Отын маусымында өрт қауіпсіздігін сақтайық. Күн салқындап, жылыту маусымы басталған кезде өрт шығу және улы газбен улану қаупі айтарлықтай артады. Мұндай жағдайлардың негізгі себептері – пештердің ақаулы болуы, мұржалардың бітелуі, электр жылытқыш құралдарын дұрыс пайдаланбау және балалардың қараусыз қалуы.

Біржан сал ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері тұрғындарды өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауға шақырады.

Пешпен жылыту кезінде:
- Жылыту маусымын бастама бұрын мұржаны күйеден тазартыңыз;
- Пеш қабырғасындағы жарықтарды сылап, жөндеңіз;
- Пешті жағу үшін жанғыш сұйықтықтарды қолданбаңыз;
- Пешті шамадан тыс қыздырмаңыз және қараусыз қалдырмаңыз;
- Пештің үстіне киім-кешек немесе ағаш қоймаңыз.

Электр жылытқыш құралдарын пайдалану кезінде:
- Тек жарамды, сертификатталған құралдарды қолданыңыз;

- Бір розеткаға бірнеше қуатты құрылғыны қоспаңыз;
- Құралдарды қараусыз қалдырмаңыз және балалардың оларға жақындауына жол бермеңіз.

Улы (көміртек) газынан уланудың алдын алу үшін:

- Мұржада тартылыс күшін тексеріп, үйді желдетіп отырыңыз;
- Бас айналу, әлсіздік, жүрек айну сияқты белгілер байқалса, дереу таза ауаға шығып, бөлмені желдетіңіз;
- Мүмкін болса, үйге көміртек газының датчигін орнатыңыз.

Сонымен қатар, балаларды қараусыз қалдырмаңыз! Жылыту маусымында көмелетке толмағандармен болатын төтенше жағдайлар жиілейтіні ескеріңіз.

Алдын алу – ең тиімді қорғаныс! Өз өміріңіз бен жақындарыңыздың қауіпсіздігін сақтаңыз.

Төтенше жағдай орын алса, дереу «112» нөміріне қоңырау шалыңыз.

Мерей ДЖАМБЫЛОВ,
Біржан сал ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.



Ережеп айының қадір қасиеті

21-желтоқсан – қасиетті ережеп айының басталуы; 16-17 қаңтар (бейсенбі) – қасиетті миграж түні.

Ережеп айы Исламнан алдын арабтар үшін қасиетті айдың бірі болатын. Осы ай кірген кезде араб тайпалары өзара соғыс пен жанжалдарын тоқтатып, қылыштарын қынына, жебесін қорабына салып, ешкімге тимеуге тырысатын. Сондықтан бұл айда араб қауымы өздерін қауіпсіз сезінетін. Өйткені, харам айдың бірі болғандықтан өзгелерге қиянат жасау, қанын төгу, ұрып соғу ісін күнә санайтын. Тіпті, әкесін өлтірген жанға да бұл айда қол көтермейтін. Қылмыс жасаған жағдайда қоғам тарапынан қатты айыпталатын.

Ислам діні келген соң да бұл айдың артықшылығы арта түсті. Адамзат тарихында қайталанбас мұғжиза болған миграж оқиғасы – осы айдың 26-нан 27-не қараған түні болған. Ол түн Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Меккеден Құдысқа, ол жерден көк қабатына көтерілуімен ерекшеленеді.

Мұсылман күнтізбесі бойынша, 12 ай болған болса, соның ішінде 4 ай харам айлар болып табылған. Құранда бұл жайында Алла Тағала былай дейді:

«Тегінде аспан мен жер жаратылған күннен бастап Алла айдың санын 12 етіп белгілеген. Оның төртеуі – (Зұлқада, Зулхиджа, Мұхаррам, Ережеп) соғысуға тыйым салынған айлар. Дінде бұл дұрыс. Бұл айларда сендер өздеріңе зиян жасамаңдар», «Тәубе» сүресі, 36-аят.

Харам айларға қатысты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деген: *«Жыл он екі айдан тұрады. Бұлардың төртеуі – харам айлар. Оның үшеуі бірінен кейін бірі келеді. Бұл айлар зұлқада, зилхиджа, мұхаррам. Төртіншісі – Ережеп»*. Бұхари, Муслим.

«Харам айларда бір күн ораза ұстап, бір күн ауыз ашқанның артықшылығы көп», /Әбу Дәуід/, - деп бұйырған ардақты Пайғамбар (с.ғ.с.).

Ережеп айы барысында нәпіл ораза ұстауға болады. Бірақ бір ай бойы ораза ұстау дініміз бойынша бұйырылмаған. Себебі, айлық ораза рамазан айында ұсталуы парыз. Ал, нәпіл ораза ретінде бірнеше күн ауыз бекітуге рұқсат етіледі.

Сайд бин Жубайрден (р.а.) Ережеп айының оразасы жайында сұралғанда: Ибн Аббасты тыңдадым, ол былай деді: *«Алланың Елшісі (с.ғ.с.) ережеп айында кей жылдары сондай ораза ұстайтын, біз күнде ораза ұстайды дейтінбіз. Ал, кей жылы ішіп-жеп жүргенін көріп, әсте еш ұстамайтын шығар дейтінбіз»*. /Бұхари, Сауи/ Демек, Ережеп айында нәпіл ораза ұстасақ болады екен.

Ережеп айы басталғанда ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай дұға еткен: *«Ей, Алла! Ережеп пен шағбанды бізге мұбарак еткізшің. Бізді рамазанға қауыштыра гөр»*. /Ахмад Ибн Ханбал, Муснад І, 259/.

Осы айда ерекше атап өтетін оқиға – Миграж түні. Миграж сөзінің тілдік мағынасы – «көтерілу, биікке шығу, рухани дәреженің шыңына биіктеу» дегенді білдіреді. Осы түні екі дүние Сұлтан (с.ғ.с.) Алла Тағаланың шексіз құдіретіне куә болған киелі сапар жасады. Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) Меккеден Мадинаға hijра жасамастан алдын бір жарым жыл бұрын, яғни 621-жылы ережеп айының 26-нан 27-не қараған түні Жәбірейіл (ғ.с.) періште пырақпен Меккеден Құдыс шаһарына апарып, Ақса мешітінде намаз оқып, көкке көтеріледі. Бұл Жаратушының рұқсатымен болған таңғажайып кездесу еді. Бұл түн мұсылман мемлекеттерінде және елімізде де ерекше аталып өтіледі. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өмір тарихында ерекше назар аударатын осы бір түн – Жаратушының Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) берген сыйы. Бір түн ішінде Алла Тағала сүйікті құлын, адамзаттың ардақтысы Мұхаммедті (с.ғ.с.) Меккеден Құдысқа, Құдыстан көкке, одан кейін ешбір періштенің жете алмаған мақамдарына көтерген. Миграж және

Исра оқиғасы – өзге пайғамбарларға нәсіп болмаған, тек Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) ғана бұйырған ең үлкен мұғжиза.

Бұл жайында Құранда «Исра» сүресінің 1-ші аятында былай деп келтіреді:

«Құлын (Мұхаммедті) бір түні өзіне белгілерімізді көрсету үшін Харам мешітінен біз айналасын мұбарак қылған Ақса мешітіне апарған Алла Тағала әртүрлі кемшіліктен пәк. Шексіз Ол естуші, білуші». «Исра» сүресі, 1-аят.

Ережеп айының мұсылмандар үшін ең үлкен ерекшелігі Алла Тағала осы түнде бес уақыт намазды парыз етті. Сонымен қатар, осы түнде Алла Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) «Бақара» сүресінің соңғы аяттарын уахи етті және Аллаға серік қоспаған жанды кешіретінін сүйіншілеген. /Лүтфи Шентүрік. Өрнек ваазлар. – Анкара, 2011. 1-том. 189-бет./.

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) осы айларға ерекше көңіл бөлетін, оны қалай өткізу керектігі жөнінде сахабаларға кеңес айтып отыратын. Сондай-ақ Ережеп айы басталған кезде: «Уа, Алла! Ережеп және шағбан айларында бізге береке бер, бізді Рамазан айына жеткізе гөр!», - деп дұға оқитын (Байһақи).

Ережеп айының мұсылмандар үшін орны бөлек. Оның бірнеше себебі бар.

1) «Ражаб» сөзі ұлықтау, құрметтеу деген мағынаны білдіреді. Араб халқы ислам діні келмей тұрып бұл айды ерекше қадірлеген. Тіпті осы уақытта жылдап жалғасып келе жатқан соғыстар, араздықтар тоқтаған. Ережеп айы – Алла Тағаланың соғысуға, қан төгуге тыйым салған (зұлқада, зұлхиджа, мұхаррам, ражаб) айларының бірі.

2) Ережеп айында елеулі тарихи оқиғалар өткен. Мысалы, жер бетін су басқан Нұх пайғамбар кемеге жігер, Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарға алғашқы уахи түсе бастаған, Мигражға (көкке) көтерілген.

3) Ережеп – берекелі әрі ұлық ай. Ондағы аз ғана ізгі іске көптеген сауаптар беріледі, құлшылықтар мен дұғалар қабыл болады. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Бес түн бар, онда дұғалар кері қайтарылмайды. Олар – Ережеп айының алғашқы түні, Шағбан айының жартысындағы түн, жұма түні, Ораза және Құрбан айт түндері»*, - деген (Ибн Асакир).

4) Ережеп айының алғашқы жұмасында Рағайып намазын оқу туралы келген хадисті кейбір ғалымдар негізсіз деп айтқан. Дегенмен Алла елшісі Ережеп айында көп истиғфар айтуға (кешірім тілеуге) үндеген.

5) Бір адам Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) келіп: «Біз жаһилиятта Ережеп айында (осы айдың құрметіне) құрбан шалатын едік. Енді бізге не бұйырарсыз?» - деп сұрады. Алла елшісі: *«Алланың жолында қайсы айда болса да құрбандық шала беріңдер. Алла үшін жақсылық жасаңдар. Тамақтандырыңдар»*, - деді (Әбу Дәуіт). Сондықтан бұл айда қайырымдылық істермен де айналысуды ұмытпаған жөн.

6) Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Ережеп айында ораза тұтатын. Жәннатта суы сүттен ақ, балдан тәтті және мұздан салқын бір жұмақ өзен бар. Ол Ережеп деп аталады. Бұл мөлдір бұлақтан тек Ережеп айында ораза ұстағандар ғана ішеді. Алайда бұл айда ораза тұту, тұтпау әркімнің өз еркі болуы тиіс.

7) Ережеп желге, Шағбан бұлтқа, Рамазан жаңбырға ұқсайды. Ережеп айында дән егілмесе, Шағбан айында суарылмаса, Рамазан айында одан қандай егін күтуге болады. Сол себепті бұл айды барынша пайдалы өткізіп, ғибадат жасап, дұға етіп, араздасқандар бір-бірімен жарасып, татуласуы керек. Қысқасы Рамазан айына деген рухани дайындықты осы айдан бастаған ұтымды болмақ.

Руслан КӨБЕН,
«Әшім ата» мешітінің бас имамы.

Меншік иесі және шығарушы – «Еңбекшілдер ЖАРШЫСЫ – ВЕСТИ Еңбекшілдерья» аудандық газетінің редакциясы» ЖШС

Ақпараттық агенттіктің мерзімді баспа басылымын және желілік басылымды қайта есепке қою туралы куәлік 2025 жылы 2 желтоқсандағы № KZ94VPY00135980 Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі берген.
Редактор Д. АҚЫШЕВА

Мекен-жайымыз: 020700, Ақмола облысы, Степняк қаласы, Уәлиханов көшесі, 5а үй.
Редакция тел.: 2-19-63.
e-mail: gazetastep@mail.ru
www.instagram.com/vesti.enbekshilderya
www.facebook.com/Редакция Района Биржан сал
https://enbekshilder.kz

“Дунасарова” жеке кәсіпкер офсеттік тәсілмен басылған.
010005. Астана қаласы, А. Жұбанов көшесі, 24/1 үй.
Аптасына 2 рет.
Офсеттік тәсілмен басылған, көлемі 1 баспа табақ.
Таралымы 280. Тапсырыс 251
Индекс: 65651



Еңбекшілер ЖАРШЫСЫ

ВЕСТИ Енебекшильдеря

14+

• Четверг, 25 декабря 2025 года • 104 (9966)
• Цена свободная

Районная газета издается
с июля 1935 года

С Новым годом – с новыми надеждами!

Поздравление акима района

Уважаемые жители района Биржан сал! Приближается самый любимый, самый добрый праздник – Новый год. Он всегда связан с надеждами на исполнение планов и заветных желаний, на обновление и достижение успеха. Новый год – это время, когда принято подводить итоги, осмысливать пережитое, строить планы на будущее.

За последние годы Казахстан добился впечатляющих результатов в экономическом развитии, обеспечении благосостояния граждан. Стабильность и общественное согласие, ответственный внешнеполитический курс стали надежной основой для роста международного авторитета республики.

Если оглянуться назад, то можно увидеть, что минувший год прожит нами достойно. В районе стабильно функционируют крупные предприятия, успешно развивается сельское

хозяйство, малый и средний бизнес, создаются новые рабочие места.

Безусловно, выполнение намеченных планов станет возможным в результате сплоченности, трудолюбия и ответственности всех жителей района. Благодарю всех вас за то, что мы вместе сумели достичь определенных результатов в уходящем году и сделали хороший задел на будущее.

Поздравляю всех жителей района с Новым 2026 годом! Пусть грядущий год принесет в каждую семью мир и согласие, благополучие и уют, радость и гармонию. Пусть в Новом 2026 году исполняются самые заветные желания и мечты. Пусть в каждом доме, в каждой семье царят радость и согласие. Желаю всем крепкого здоровья, благополучия, мира и процветания.

